

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің ғылыми-көпшілік журналы

Научно-популярный журнал Павлодарского
государственного университета им. С. Торайгырова



2001 жылы құрылған
Основан в 2001 г.

ӨЛКЕТАНУ

КРАЕВЕДЕНИЕ

3-4' 2015



ӨЛКЕТАНУ - КРАЕВЕДЕНИЕ

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации
№ 14207-Ж

выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан
4 марта 2014 года

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Кадысова Р. Ж., д.и.н., профессор (главный редактор)
Батталов К. К., к.и.н., доцент (зам. главного редактора)
Азербайев А. Д., ст. преподаватель

Члены редакционной коллегии:

Абжанов Х. М., д.и.н., профессор;
Абусейтова М. Х., д.и.н., профессор;
Алдабергенов К. М., д.и.н., профессор;
Богуслав Р. Загорски, профессор (Варшава, Польша);
Власов А. В. д.и.н. (г. Москва, РФ);
Исмагулов О. И. д.и.н., академик НАН РК;
Кабульдинов З. Е., д.и.н. профессор;
Октябрьская И. В. д.и.н. профессор НГУ;
Токо Фудзимото, доктор PhD (г. Токио, Япония);
Уильям Фиерман, профессор;
Цыряпкина Ю. Н. к.и.н., доцент, г. Барнаул РФ);
Нургожина Б. В. (технический редактор):

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.
Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.
Рукописи и дискеты не возвращаются.
При использовании материалов журнала ссылка на «Өлкетану - Краеведение» обязательна.

© ПГУ им.С.Торайгырова

МАЗМҰНЫ

Жанкабаева М. Ж., Мерц В. К.	
<i>Қазақстанның «үтіктері»</i>	6
Джасуланова А., Каскабасова А. А.	
<i>Павлодар батырларының өшпес ерлігі.....</i>	9
Жидебаева С., Каскабасова А. А.	
<i>Майдандағы қазақстандықтар</i>	14
Калымова А. А., Молдакимова А. С.	
<i>Қазақстан қоғамындағы этносаралық келісім – мемлекеттің табысты дамуының кілті</i>	18
Кармен Д., Марданова З. Ж.	
<i>Әзірбайжан-Армения қайшылығы туындаған жағдайда этникалық қақтығыс. Таулы Қарабақ проблемасы.....</i>	23
Касымов А., Батталов К. К.	
<i>Қазіргі қоғамдағы этникалық нанымдар</i>	30
Сарсенов Т., Молдакимова А. С.	
<i>Көшпелі қазақтардың әскери құрылымы.....</i>	36
Сеитов Н. М., Ельмуратова Б. Ж.	
<i>Германия және экономика мен саясаттың заманауи мәселелері</i>	41
Солтан С., Мошна Н. И.	
<i>Грек мифологиясының қалыптасуы</i>	48
Хихлуха В., Мошна Н. И.	
<i>Бастау алған Ежелгі Египет діні. Ерте наным.....</i>	53
Авторларға арналған ережелер	58



СОДЕРЖАНИЕ

Жанкабаева М. Ж., Мерц В. К. <i>«Утюжки» Казахстана</i>	6
Джасуланова А., Каскабасова А. А. <i>Вечная память подвигу героев Павлодарцев</i>	9
Жидебаева С., Каскабасова А. А. <i>Казахстанцы на фронте</i>	14
Калымова А. А., Молдакимова А. С. <i>Межнациональное согласие в казахстанском обществе – залог успешного развития государства</i>	18
Кармен Д., Марданова З. Ж. <i>Межэтнический конфликт на примере азербайджано-армянского противостояния. Проблема Нагорного Карабаха</i>	23
Касымов А., Батталов К. К. <i>Этнические предубеждения в современных обществах</i>	30
Сарсенов Т., Молдакимова А. С. <i>Военная структура кочевых казахов</i>	36
Сеитов Н. М., Ельмуратова Б. Ж. <i>Германия и современные проблемы экономики и политики</i>	41
Солтан С., Мошна Н. И. <i>Формирование греческой мифологии</i>	48
Хихлуха В., Мошна Н. И. <i>Зарождение древнеегипетской религии. Ранние верования</i>	53
Правила для авторов	58

CONTENTS

Zhankabaeva M. Zh., Merz V. K. <i>«Ironing» in Kazakhstan</i>	6
Džasulanova A., Kaskabasova A.A. <i>Eternal memory to the heroes of Pavlodar</i>	9
Zhidebaeva C., Kaskabasova A. A. <i>Kazakhstan at the front</i>	14
Kalymova A. A., Moldakimova A. S. <i>Inter-ethnic harmony in Kazakhstan society – the key to successful development of the state</i>	18
Karmen D., Mardanova Z. Zh. <i>Ethnic conflict in the case of Azerbaijan-Armenian conflict. Nagornyi-Karabakh problem</i>	23
Kasymov A., Battalov K. K. <i>Ethnic prejudices in modern society</i>	30
Sarsenov T., Moldakimova A. S. <i>Military structure of Nomadic Kazakhs</i>	36
Seytov N. M., Elmuratova B. Zh. <i>Germany and modern problems of economy and politics</i>	41
Soltan S., Moshna N. I. <i>Formation of Greek mythology</i>	48
Hihlucha V., Moshna N. I. <i>Incipience of ancient Egyptian religion. Early beliefs</i>	53
Rules for authors	58



УДК 902 (574)

М. Ж. Жанкабаева¹, В. К. Мерц²

¹студентка, ²к.и.н., доцент Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

«УТЮЖКИ» КАЗАХСТАНА

Статья посвящена небольшим каменным предметам с поперечным желобком, которые отличаются многообразием форм. Предметы данного характера были найдены в Павлодарской, Акмолинской, Семипалатинской областях.

Ключевые слова: камень, история, археология, «утюжок».

Сегодня все чаще внимание исследователей привлекают находки небольшие каменные предметы с поперечным желобком определенного диаметра (7-14 мм). Позднее к ним добавилась серия аналогичных изделий из глины. Они отличаются многообразием форм, среди которых преобладают ладьевидные и овальные и, как правило, имеют плоскую нижнюю поверхность и выпуклую верхнюю. Многие украшены орнаментом [1]. Такие предметы присутствуют в культурных слоях и погребениях, начиная с первобытного общинного строя. На территории Казахстана встречаются с 8-7 тысячелетия до н.э. [2]. Существуют различные термины данного предмета. В современной отечественной археологической литературе за данным предметом закрепилось название «утюжки». Ранее применялись также: «выпрямилка», «гладилка», «шлифовальник», «выпрямитель древков стрел». На Украине они известны как «човники» («челноки»). В западной и американской литературе специального термина не выработано. В качестве его заменителей используются наименования описательного или функционально ориентированного плана: «камни с желобком» или «желобчатые камни» («grooved stones», «pierres a rainures»),

«выпрямители древков» («shaft-straighteners»), «полировальники» или «полировальники с желобком» («polissoirs», «poliroval'niki», «polissoirs a rainures») [1].

Также имеются 2 вида утюжков это продольные и поперечные. Продольные утюжки представляют собой брусок с продольно выдолбленным желобком или полуцилиндр (полумесяц) с продольной канавкой. Материал изготовления в основном песчаник. Имеется лишь один экземпляр с нанесённым на него орнаментом, поэтому свойственно считать, что данные предметы использовались, как орудия труда или приспособления. Как считают учёные, продольные утюжки несли функцию шлифования и выпрямления древка стрелы.

Поперечно желобчатые камни имеют большое разнообразие по форме и орнаменту. Утюжки данного вида бывают:

- прямоугольные,
- овальные,
- ромбовидные,
- челновидные,
- фигурные.

Причём на одном камне может быть от 1-3 поперечных канавок. В их изготовление используется мягкий материал:

- мыльный камень,
- аргиллит,
- талько-хлоритовый сланец,

- стеатит,
- жировик,
- глиняная керамика,
- редкие экземпляры из песчаника и гранита [2].

На протяжении длительного времени ученые-археологи задавались вопросом: «Для чего же предназначались данные предметы?» Есть две версии их функционального назначения. Первая, что и в продольные желобчатые камни, для выпрямления и полировки древка стрелы. Но возникает вопрос: к чему многообразия форм и орнамент? Из этого исходит вторая версия ритуальных предметов или символов. Например, некоторые экземпляры встречаются в захоронениях. Следует уточнить, что кроме выпрямителя и полировщика стрел, его использовали для костяных игл, дротиков и шильев. А в ритуальных целях, как амулет антропоморфного изображения женского начала в виде зерна (семечки).

К другим гипотезам относятся:

- первая катушка для наматывания ниток,
- утюги для разглядывания складок кожаных изделий,
- грузик копьёметалки,
- рыболовное грузило,
- приспособление для плетения верёвок,
- часть приспособление для добывания огня.

На территории Казахстана также были найдены предметы данного характера в Павлодарской, Акмолинской, Семипалатинской областях, а также в Западном и Южном Казахстане. В нашей Павлодарской области «Утюжки» были найдены на стоянке Щидерты-3 и в поселении Борлы.

Поселение Борлы.

Утюжок овальной формы из серой сланцевой породы. Имеет 2 поперечных желобка. Один край обломан по желобку. Длина сохранившейся части 6,5 см.

Максимальная ширина – 4,8 см. Высота – 2,1 см. Ширина желобка – 1,8 см. Глубина – 1,1 см. Расстояние между желобками – 1 см. Обратная сторона плоская, имеет продольный желобок шириной 0,5 см. Глубина – 0,3 см. На внешней выпуклой поверхности имеется тонкий продольный желобок, шириной 1,2 см и глубиной 0,2 см. На поперечном широком желобке имеются следы продольных трасс. Найден был в раскопе, квадрате 3В, порядковый номер 2747.

Стоянка Щидерты.

Утюжок овально-эллипсоидной формы из темно-зеленой сланцевой породы. Длина утюжка – 10,2 см а максимальная ширина – 5,1 см и толщина – 3,1 см. Имеет 1 широкий поперечный желобок длиной – 0,9 см, глубиной - 0,4 см. И один продольный желобок, начинающийся от края поперечного желобка, длиной 0,4 см, глубиной – 0,3 см. Расстояние между желобками – 5,4 см. Найден был в раскопе, в слое 1А. Обратная сторона обточенная, слегка выпуклая, овально-оморфной формы.

Поселение Нурмагамбет Кыстау. В Акмолинской области в районе города Степногорск был найден утюжок овальной формы из темно-зелено сланцевой породы.

Длина – 5,5 см.

Ширина – 3,3 см.

Толщина – 3 см.

Имеет один широки желобок длиной 1,4 см и глубиной 0,5 см. Имеются следы продольных трасс. Обратная сторона плоская.

Семипалатинские дюны.

Плоский утюжок четырехугольной формы из темно-зеленой сланцевой породы. С двух сторон обломан.

Длина – 11 см..

Ширина – 6,8 см.

Толщина – 22,4 см.

Имеет один поперечно широкий желобок длиной 1,3 см и глубиной 0,2 см. На нем имеются следы продольных





трасс. Обратная сторона утюжка неровная, отломанная. На самом утюжке имеются следы трасс. Также, один намечающийся желобок по диагонали.

Таким образом, находки такого порядка, несомненно, свидетельствуют

о схожести развития трудовых навыков человека. И являются хорошим материалом для дальнейших изысканий как отечественных, так и зарубежных историков.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 «Утюжки» Евразии как исторический источник.

2 <http://www.dissercat.com/content/utyuzhki-evrazii-kak-istoricheskii-istochnik>

3 Утюжок или желобчатый камень.

4 [http:// donovedenie.ru/blog/utyuzhok_ili_zhelobchatyj_kamen/2013-07-22-259](http://donovedenie.ru/blog/utyuzhok_ili_zhelobchatyj_kamen/2013-07-22-259).

Материал поступил в редакцию 19.11.15.

М. Ж. Жанкабаева, В. К. Мерц
Қазақстанның «үтіктері»

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекетік университеті, Павлодар қ.
Материал баспаға 19.11.15 түсті.

M. Zh. Zhankabaeva, V. K. Merz
«Ironing» in Kazakhstan

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 19.11.15.

Мақала түрлі формаларымен ерекшеленетін қолденең қиымен кішкене тас заттарына арналған. Осындай сипаттағы заттар Павлодар, Ақмола, Семей облыстарында да табылған.

The article is devoted to the small stone objects with a transverse groove, which differ in a variety of forms. Items of this nature were found in Pavlodar, Akmola, Semipalatinsk regions.

А. Джасуланова¹, А. А. Каскабасова²

¹студент, ²аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

ПАВЛОДАР БАТЫРЛАРЫНЫҢ ӨШПЕС ЕРЛІГІ

Мақалада Павлодар өңірі тумаларының Ұлы Отан соғысына қосқан ерлігі туралы айтылған

Кілт сөздер: соғыс, ерлік, Павлодар, жеңіс, майдан, батырлар.

Соғыс адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Себебі, соғыс атаулы адамзатты қырып жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай ақ, өткен ғасырдың жалмауыз соғысын алайық. Кімге қажет еді, не мақсатты қажет етті сол соғыс? Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тек шырт ұйқыда жатқан халықты оятқан жоқ, сол зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді, қаншама адамның өмірін өзгертті. Ана баласымен, жұбайы жарымен, сәбиі әкесімен қош айтысты. Қырда қойшы қойын тастап, қолындағы таяғын автоматқа ауыстырып, елі үшін, жері үшін қан майданға аттанды. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды.

Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Павлодарлықтардың үлесі тілегей теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Павлодардан 46000 түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына алынды. Майдан даласынан әрбір 11 Ертіс боздақтар қайтпай қалды. Павлодарлықтар барлық фронтта ерлік көрсетті, Ленинградтан Кауказға дейін, Брест қамалын, Днепрден өту кезінде, Молдавия үшін күресті.

Ерендей ерліктері үшін Павлода Ертіс өңірінен он мыңнан астам жауынгер орден мен медальдерге ие болды [1, 207 б.].

Сұрапыл қан майданда қайталанбас ерлігі үшін 33 адам Кеңес одағының батыры атағын алды. Солардың бірі, Ұлы Отан соғысы тарихында ең бірінші Кеңес одағы батыры атағын алған Қазақстандық, біздің Павлодарлық жерлесіміз Семеченко Кузьма Александрович. Бірінші және Екінші Дүниежүзілік соғысқа қатысушы, генерал-майор, дивизия командирі. Украин. Оңтүстік-Батыс майдан 5-армия 22-механикаландырылған корпус, 19-дивизияның командирі. Семеченко соғыстың бастапқы кезеңінде Владимир-Волынь тас жолы арқылы Войница, Александрия аймақтарында күші басым жаумен шайқаса отырып, дивизия бөлімдерін қоршаудан аман-есен алып шықты әрі жаудың танк легінің ілгері жылжуын бөгеді. Осы ұрыста жау 16 танкісін жоғалтты. Осындай ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Семеченко Кузьмаға Кеңес Одағының батыры атағы берілді (22.07.1941 ж). 1945 Мәскеу әскери академиясын бітіреді. 1947 жылы запасқа шығып, Тбилиси қаласында тұрды. Павлодар қаласында көше есімі берілді, Успенка селосында мемориалдық тақта орнатылған. 2 Ленин, Қызыл Ту, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, медальдарымен марапатталған [2, 216 б.].





20 жасында Кеңес Одағының батыры атағын алған Махмет Қайырбаев. Аға лейтенант, батарея командирі. Қазақ. Мектептен кейін Павлодар пед училищесін бітірді. Соғысқа дейін Семиярка селоындағы мектепте мұғалім болды. Кеңес әскері қатарына 1942 жылы тамызда шақырылып, артиллерия училищесіне жіберілді. Ұлы Отан соғысына 1943 жылдан бастап қатысты. 17-танкіге қарсы ататын артиллериялық жеке бригаданың құрамында болған. Қайырбаев Махмет 18 жасында Александр Невский орденнің иегері атанды. 1944 жылдың 19 тамызында Литвадағы Шяуляй қаласының батыс жағында болған ұрыста жау әскері танкімен шабуылға шығып, Кеңес әскері қорғанысын бұза жарып, Шяуляй қаласына кіруге ұмтылды. Қайырбаев Махмет өзінің он бес жауынгерімен қоршауда қалып, шайқасып жатқан полк батареяларының біріне көмекке келді. Қайырбаевтың басшылығымен жауынгерлер жаудың 7 шабуылына тойтарыс беріп, бір батальон әскерін жойды. Кескілескен осы шайқаста Шяуляй қаласына өтер жолды жапты. Атамызға көрсеткен ерлігі мен тапқырлығы үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (24.03.1945 ж.). Соғыстан кейін ол Павлодар облысында партия қызметінде болды. Тың жерлерді игерудегі еңбегі үшін екі рет Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапаттады [2, 136 б.].

Молдавия үшін ұрыста жанын пиде еткен жерлесіміз Қанаш Қамзин. Лейтинант, рота командирі. Қазақ. Кеңес әскері қатарына 1941 жылдың шілдесінде Алматы қаласы Фрунзе ауданының әскери комиссариатынан шақырылғын. Сталинград Жаяу әскер училищесін бітіргеннен кейін майданға аттанып, 1943 жылдың қарашасынан 3-Украина ауданы 57-армиясы 52-атқыштар дивизиясының 429-атқыштар полкі құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан. Қанаш Қамзин 1944 жылы 12-13 сәуірде өз

ротасымен Днестрдің оң жағалауына өтіп, жауға қарсы шабуылға шықты. Қатты қарсылыққа қарамастан, Қамзиннің ротасы 2 траншеяны басып алып, Гура-Быкулуй селосының оңтүстік шетіне жетті. Одан әрі ілгерілей алмай қалды: село мен бүкіл плацдармнан жоғары тұрған 650-биіктікке оныққан жау жауынгерлерге пулемет пен минометтен оқ жаудырды. Қамзиннің ротасы жауды биіктіктен қуып, шабуылға шыққандарды сол қанат пен тылдан қорғады. Биіктікке пулеметтерін орнатып, селоның батысындағы жау шабуылына қарсы тұрды әрі қалған 2 ротаға селоның оңтүстік-шығыс шетін басып алуға мүмкіндік туғызды. Осы ұрыста жаудың көптеген әскері мен соғыс техникасы жойылды. Қанаш Қамзин ұрыстардың бірінде қаза тапты. Днестрден өтерде көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін Қанаш Қамзин атамызға КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. (13.09.1944). Оның есімі Павлодар облысы Ақсу ауданы Жолқұдық ауылындағы мектепке және көшеге, сонымен қатар Павлодар қаласындағы көше мен балалар бақшасына, Кишинев қаласындағы Жеңіс саябағына беріліп, Павлодар мен туған ауылы Жолқұдықта ескерткіш орнатылған. Ленин орденімен марапатталған [2, 137 б.].

Білім беріп жатқан жерінен тура майданға аттанған атамыз Сұрағанов Құдайберген Мағзамұлы взвод командирі, аға лейтинант болды. 1-Беларусь майданы 33-армия 142-бригада құрамында Ұлы Отан соғысына қатысты. Сталинград түбіндегі шайқаста қатты жараланып, госпитальда болды. Кейін Сұрағанов Құдайберген атамыз Беларусь, Литва, Польшаның көптеген қалалары мен селоларын азат етуге қатысты. Днепр, Висла, Одер өзендерінен өтті. Одер-Шпре өзендері аумағындағы операцияларда айрықша ерлігімен көзге түсті. Одердің батыс жағалауындағы шайқастар кезінде

Сұрағановтың артиллеристері 49-атқыштар дивизиясының жаяу әскерлерімен бірге жылжып, оны үздіксіз қолдап отырды. Сонымен қатар батарея командирі барлау ісін де шебер ұйымдстыра білді. Одер-Шпре операциясы барысында Құдайберген атамыздың зеңбіректері жаудың 100-ден астам әскері мен офицерін жойды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Сұрағанов Құдайберген Мағзамұлына батылдығы мен тапқырлығы үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (15.05.1946 ж). Соғыстан кейін Сұрағанов туған еліне оралады. 1955 жылдан бастап Қазақ қыздар педагогикалық институтында (қазіргі Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеті) өзінің сүйікті ісі геометрия мен математиканы оқыту методикасы кафедрасында доцент қызметін атқарып, білім беру жүйесіне де зор үлесін тигізеді [5, 6 б.].

Биыл жетпіс жылдық мерейтойын тойлап отырған бұл жеңстің келуіне әйел затының қосқан үлесі де аз еместін. Солардың ішінде Әлия Молағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова сынды қыздарымыздың есімі тайға таңба басқандай, сұрапыл соғыс тарихында алтын жазулармен жазылған. Отанына қауіп төнген уақытта құр алақан бос қол құсырып отырмай өлкеміздің 17-18 жасар арулары әскерге өз еркімен бару туралы өтініштерін жазып, елін қорғауға ұмтылған еді. Баянауыл әскери комиссариатына Жанұзақова Шура: «Өтінішімді қарастыруларыңызды сұраймын. Мен 1922 жылы туылдым, 1939 жылдан бастап комсомол мүшесімін, мамандығым сұрыптаушы. Комсомол мүшесі ретінде мені өз еркіммен Қызыл Армия қатарына қосуларыңызды сұраймын. Өзіме партия мен үкімет тарапынан жүктелген барлық міндетті орындап, туған Отаным мен сүйікті Мәскеуім Лениннің қаласын қорғауға уәде бермін. 27 қараша 1941 жыл.» Одан басқа дәл сол әскери комиссариатқа

Дроздова Галинаның жазған өтініші: «Жолдас әскери комиссар! Отаныма қауіп төнген уақытта, жау Мәскеуге шапқанда, мені комсомол мүшесі ретінде әскерге алуыңызды сұраймын... Әрбір әйел кеңес үкіметі жасағының құрамында болуға құқылы. ГСО, ПВХО қорғаныс белгісіне иемін және қарумен жұмыс жасай аламын. 10 жылдық білімім бар, 1941 жылы бітірдім. 27 қараша 1941 жыл» [3].

1943 жылдың 13 мамырында Павлодар әскерге 33 қыздан тұратын топ аттандырды. Бұл бірінші әскерге аттанған топ еді. Содан кейін де жерлес аруларымыз әскер санын толықтырып отырды. Келесі жылдары әскери іске 1250 әйел заты оқытылды. Олардың 435-і медбике ісі мен санитарлық нұсқаушы ісіне оқытылса, 43-і телеграфист, 13-і телефонист ісін меңгерген еді. Барлығы соғыс жылдары облысымыздан әскери іс пен әскери мамандыққа жүз мыңға жуық ер адамдар мен әйелдер оқытылған еді [4].

1943 жылы әскери шепте, жараланған солдаттар мен офицерлердің өмірін сақтау үшін жанын пида еткен екінші ранг дәрігері Тумашева Минджамал Гифрановна қаза тапты. Батыр апамыз облысымыздың Баянауыл ауданының тумасы еді. Қамықпайтын қайсар дәрігердің госпитальда жасаған қызметі туралы медбике Старикова Надежда Васильевна өз естеліктерінде: «Дәрігер Тумашева күні түні операция бөлімінде жүретін. Керек болса науқастарын қолына автомат алып қорғайтын. Курск түбінде бізге сүзек ауруына шалдыққан науқастар көптеп түсті. Инфекционды бөлімді біздің Мина өз басқаруына алды, біз оны құрметпен осылай атайтынбыз. Күндіз ол бөлімде жұмыс істесе, түнде жараланғандарға операция жасайтын». Жараланғандар мен науқастардың өмірін сақтап қалғаны үшін, оларға керекті күтімі мен қорғаны үшін апамызға «Ерлігі үшін» медаль мен Отан соғысының II дәрежелі орденін берді [4, 318 б.].





Ұлы отан соғысы тарихында елеусіз қалмайтын партизандар қызметінің орны зор. Партизандар жау гарнизонына шабуыл жасап, соғыс техникасын, көпірлерді, қару-жарақ қоймаларын жарып, байланыс желілерін істен шығарды, жаудың әскери эшалондарын қиратты. Осының бәрі жаудың ілгері жылжуына мүмкіндік бермей, қыспаққа алды. Соғыс жылдарында жау тылында 6200 партизан отряды мен астыртын әскери топ қимыл жасады, олардың құрамында 1,1 млн. аса партизан болды. Осындай қызметте болған атамыз Павлодар облысының Баянауыл ауданы, Бірлік ауылының тумасы, аты тарихқа айналған партизан Жылбек Ағаділов туралы сөз қозғасақ артық болмас. Атамыз үш бірдей соғысты басынан өткізген, ұлт абыройын асқақтатқан қайталанбас тұлға. 1935-1945 жылдары Кеңестер одағының Қарулы күштерінде қызметте болды. Ұлы Отан соғысы алдында Ж. Ағаділов КСРО-ның батыс аймағында шекарашы қызметін атқарды. Ал 1941-

1943 жылдары Ұлы Отан соғысы кезінде партизан қозғалысында взвод командирі болды. Майдандағы ерлігі үшін екі рет Қызыл Жұлдыз орденімен және II дәрежелі «Отан Соғысы Партизаны» медалімен марапатталды. 1946-1950 жылдары Павлодар қаласының қаржы бөлімінде аға инспектор, 1950-1970 жылдары облыс қаржы бөлімінде аға экономист қызметінде істеді. Қаржы саласыдағы мінсіз еңбегі «Қаржы саласының үздігі» белгісімен марапатталған [6]. Бүгінгі таңда партизан атамыздың есімін Бірлік жалпы орта білім беру мектебіне беру туралы шешім қарастырылуда.

Міне, осынау сұрапыл қанды шайқастың өткеніне бүгінде 70 жыл толып отыр. Бұл біздің Отанымыздың тарихында мәңгі сақталатын өшпес оқиға. Осы соғыста ерендей ерлік көрсетіп, жанын пидә еткен, Отаны үшін, елі үшін, жері үшін аянбай соғысқан аталарымыз бен әжелерімізді білу, тану, оларды құметтеу біз үшін парыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Тереник, М. С.** Павлодар: это нашей истории строки. – Павлодар, 2001. – 290 с.
- 2 Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары: Энциклопедиялық жинақ. – Алматы : Өнер, 2010. – 320 б.
- 3 **Болтина, В.** Немыслима без архива жизнь. – Павлодар : ЭКО, 2004. – 248 с.
- 4 Боздақтар (Павлодарская область). Книга памяти. – Т.1. – Алматы, 1994. – С.322.

5 Фонд библиотеки областного краеведческого музея им. Г. Потанина, г. Павлодара. Лекционный материал «Павлодарская область в годы Великой Отечественной войны». – Павлодар, 2013.

6 **Молдайып, С.** Партизан қызы. // Сарыарқа самалы. – 2014. – 23 қазан. № 120.

Материал баспаға 19.11.15 түсті.

А. Джасуланова, А. А. Каскабасова

Вечная память подвигу героев Павлодарцев

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 19.11.15.

A. Dzhasulanova, A. A. Kaskabasova

Eternal memory to the heroes of Pavlodar

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar

Material received on 19.11.15.

*Статья посвящена подвигу павлодарцев-участников героев Великой
Отечественной войны*

*The article is devoted to the feat of Pavlodar citizens-heroes of the Great Patriotic
War.*



С. Жидебаева¹, А. А. Каскабасова²

¹студент, ²аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

МАЙДАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР

Мақалада майданға қатысқан қазақстандықтардың ерлігі, Ұлы Отан соғысына қосқан үлесі туралы айтылған

Кілтті сөздер: соғыс, ерлік, Қазақстан, жеңіс, майдан, батырлар

Биылғы жыл біз қазақстандықтар үшін мерейлі белестер жылы. Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастау жол» атты жолдауында Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын ерекше атап өткен болатын.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толып отыр. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Ұлы жеңіс ұлтымыздың жадында мәңгі қалмақ. Соғысқа қатысушылар ерлігі еш ұмытылмас. Қатарында мыңдаған қазақстандықтар да болған кеңес жауынгерлері Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кескі шайқастар жүргізді.

1942 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстанда армия қатарына 300 мыңдай, ал соғыс кезінде 1 млн 200 мыңнан артық қазақстандық әскери міндеттілер шақырылды. Соның ішінде қазақтар – 50 %, орыстар – 37%, басқа ұлт өкілдері – 13 % құраған. Соғыс жылдары Қазақстанда 12 атқыштар және 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы және 50-ге жуық жеке полктер мен батальондар жасақталып, майданға аттандырылды [1]. Қазақстан территориясында жасақталған әскери құрылымдар соғыстың алғашқы күндерінен бастап жаумен ерлікпен шайқасты.

Соғыстың алғашқы кезеңінде майданда кездескен қиыншылықтар да бар болатын. Майданға аттанушылардың әскер қатары күн сайын артқанымен оларды әскери іске үйретуде өзіндік қиындықтары кездесті. Олардың ең бастысы – әскери басшы командирлердің жетіспеуі болды. Соғыс алдындағы сталиндік репрессияның өршіген кезеңінде әскер басшыларының 55 % жазықсыз қуғындаудың құрбаны болды. Азамат соғысының от-жалынында шындалған 43 мыңға жуық Қызыл Армия командирлері сталиндік лагерьлерде опат болды. Даңқты командирлер, әскери теоретиктер репрессия тұзағына ілініп, қолбасшыларының қатары сиреген болатын. Міне, осындай орасан қиыншылықтарға тап болып, байырғы командалық корпусының қатары сиреген Кеңестік Қарулы Күштер Ұлы Отан соғысына өте қиын жағдайда кірісті. Сонымен қатар оқу-жаттығу, даярлық үшін әскери қару-жарақтардың жетіспеушілігі байқалды. Кейбір қару-жарақ түрлерін қолдан жасауға тура келді. Сонымен қатар жау әскерінің ел ішіне етене енуі жауынгерлердің әскери даярлығына да өз кедергілерін тигізді. Уақыттың шектеулі болуына байланысты кейбір белгіленген оқу-жаттығу толық орындалмай жауынгерлер соғыс даласына жіберіліп отырылды. Яғни, жасы толмаған, дайындықты толық өтпеген сарбаздар майданға аттанған. Соғысқа аттанған

жауынгерлердің арасында білімі таяз, тіпті сауатсыз адамдар саны да басым болғаны байқалады [2, 112 б.]. Мәселен, майдан даласында барлық бұйрық-нұсқау орыс тілінде берілетінін ескерсек, орыс емес ұлт өкілдеріне, оның ішінде орыс тілін білмейтіндер мен сауатсыздарға көптеген қиындықтар туғызғанын байқауға болады. Орыс тілін білмеу, олардың ұрысқа белсенді түрде араласуын шектей түсті, сонымен қатар орыс өкілдерінен жасақталған командирлердің бұйрықтарын да түсінбейтін кездері болғаны белгілі. Мұнын басты салдары соғыстың алғашқы кезеңінде адам шығынының көп болуына да өзіндік себептерін тигізгені аян.

Сол бір сұрапыл жылдары әскери ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандықтар ордендер мен медальдармен марапатталды. Осынау соғыста бүкіл КСРО бойынша 12 мыңнан астам жауынгерлер, командирлер, қолбасшылар, партизандар осы елдегі 1934 жылы белгіленген ең жоғарғы құрмет – Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Соның ішінде 520 шамасында қазақстандықтар болса, қазақ ұлтының азаматтары – 103, орыстар – 280, украин – 86, басқа ұлт өкідері – 51 болып отыр. Алайда бұл мәлімет нақты емес. Қазақ ұлтының аталмыш көрсеткіші бұрынғы деректерде, тіпті, тарих оқулықтарының беттерінде бірде 95 немесе 97, енді бірде 98 болып беріліп келген болатын. Міне, соны нақтылай түсу мақсатымен көптеген анықтамалық кітаптардағы 12 мыңнан астам батырдың өмірбаяндарын қарап, қазақ азаматтарын зерделей іздеуге тура келді. Өзбектер иеленіп кеткен айтулы қазақтар: генерал-майор Сабыр Рахимов пен бөлімше командирі Расул Есетов осы санатқа қосылды. Дәлірек айтқанда, соғыс кезеңінде бұл атақ 100 адамға нақты берілсе, 1946 жылы оны Сұрағанов Құдайберген, 1965 жылы генерал Рахимов Сабыр, ал 1990 жылы Момышұлы Бауыржан алды

[3]. Дегенменде, қазақстандық батырлар саны әлі күнге дейін нақты анықталмаған.

Менің ойымша, осы құрметті иеленген сарбаздардың майданда жасаған ерліктерін білу біз үшін міндет. Өйткені, біз тарихымыздың ұлы мұрасын насихаттау арқылы келешек ұрпақты патриотизмге, Отанына, халқына деген сүйіспеншілікке тәрбиелей аламыз.

1990 жылы 11 желтоқсанда көрнекті қолбасшы, пнфиловшы аға лейтенант Бауыржан Момышұлына да осы құрметті атақ берілді. 1941 жылы Бауыржан Момышұлы аға лейтенант шенінде батальонды басқарып, Мәскеу түбіндегі шайқастарда өз құрамасын жау қоршауынан үш рет алып шықты. Соғысты Бауыржан Момышұлы полковник шенінде аяқтады. Әділеттілік тек 45 жылдан соң, қазақтың ұлттық батыры өмірден қайтқаннан кейін ғана қалпына келтірілді [4, 5 б.].

Сонымен қатар Кеңес Одағының Батыры атағын иеленгендер ішінде қазақ қыздары да болды. Соның бірі – Мәншүк Маметова. Ол өз еркімен Қызыл Армия қатарына алынды. Мәншүк Ұлы Отан соғысы басталғанда, 1942 жылы Алматы қаласындағы медицина институтында оқып жүрген еді. 21-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының ең жақсы пулемет атқышы атағына ие болды. 1943 жылдың қазанында Псков облысындағы Невель қаласын босату үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәншүктің басына оқ тиді. Соңғы күшін жинап, Мәншүк Маметова пулеметін ашық жерге алып шығып, жолдастарына жолды тазалап, фашистердің тікелей бетіне атқан. Өлі Мәншүк пулеметтің саптарын қолына тастамай қатты қысып алған. Сол қан майданда Мәншүк Маметова ерлікпен қаза тапты. 1944 жылдың наурызында көрсеткен ерлігі үшін Мәншүк Маметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Ұлы Отан соғысында төрт қазақстандық ұшқыш – Талғат





Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский Кеңес Одағының Батыры атағына екі рет ие болды. Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов – Авиация генерал-майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері. Талғат Бигелдинов қан майданға аттанар алдында Ижевск қаласынан «ИЛ-2» штурмовигімен ұшуды үйреніп шығады. Сол күннен бастап әскерилер арасында «ұшқыш танк» деп аталып кеткен «Илюшаға» басы бүтін бауыр басып, 1942 жылы майданға аттанады. Осы өзі бір көргеннен қатты ұнатқан ұшақпен көк жүзінде 500 сағат болады. 305 рет әскери шабуылға шығып, жау ұясы – Берлинді алуға бірінші болып қатысады. Фашистер өздеріне аяусыз өлім оғын сепкен Талғат Бигелдинов мінген ұшақты «Қара ажал» деп атаған. 1944 жылы Талғат Бигелдиновке әуе шабуылдарындағы ерлігі мен әскери шеберлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Екінші «Алтын Жұлдыз» медалі гвардия капитанына 1945 жылдың маусым айында эскадрильяны үздік басқарғаны және Берлин қаласы үшін болған ұрыстарда жауынгерлік тапсырманы ержүректілікпен орындап көрсеткен ерлігі үшін берілді. 23 жасында Кеңес Одағының екі мәрте батыры атағын иеленіп, соғыста небір көзсіз ерлік көрсеткен қыран қазақ қан майданнан аман-есен оралған соң, әскери әуе академиясын аяқтайды. Қазақстанның әскери-әуе күштерінде түрлі басқару қызметінде болады [6, 78 б.].

Ұлы Отан соғысы кезінде КСРО-да тек әйелдерден тұратын, тұңғыш бірден-бір авиация полкі құралды. Оның толық аталымы 46-гвардиялық Таман Қызылтулы Суворов ордені 3-дәрежелі түнгі бомбалайтын авиациялық полкі. Немістер қыздарды: «Түнгі мыстандар» – деп атайтын. Аңызға айналған ұшқыш әйелдердің бірі – қазақстандық Хиуаз Доспанова. Бірінші қазақ ұшқыш әйелі ретінде тарихта орын алды. Ұшқыштық

өмір жолын Оралдың аэроклубында бастап, кейін әйгілі ұшқыш Марина Раскова басқарған 46-гвардиялық полкінің құрамында 300-ден астам әуе шайқастарына қатысқан Хиуаз Доспанова сол кездің өзінде теңдессіз ерлігі үшін «қанатты қыз» атанған еді. Алайда соғыстағы табанды ерлігіне қарамастан оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілмеді. Тек соғыстан кейін лауазымды қызметтер атқарған Хиуаз Доспановаға Елбасының Жарлығымен Халық қаһарманы атағы берілген болатын. Даңқты жерлесіміздің 1960, 1963 жылдарда орыс тілінде «Под командованием Расковой», қазақ тілінде «Халқым үшін» деген өзінің жазған кітаптары жарық көрген [5, 96 б.].

Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста жеңіске жеткізді. Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Әрине, қандай соғыс шығынсыз болады. Соғыста аянбай күрескен сарбаздар шығынына келетін болсақ бүкіл КСРО бойынша 27 миллиондай адам шығыны болған. Ал қазақстандықтар саны 600 мың шамасына жеткен. Бұл аз сан емес, жеңіс күнін миллиондаған сарбаз көре алмай кетті. Сондықтан олардың бейбіт өмір үшін күрескен ерліктерін мәңгі есте сақтауымыз керек.

Біз сұрапыл соғыстың батырлық күндерінен жыл сайын алыстап барамыз. Ұлы Отан соғысының ардагерлерін тек 9 мамыр күні құттықтап еске аламыз. Қазіргі жастар өз батырларының ерлігін білмейді, тіпті, есімдерін білуі екі талай. Соған байланысты биылғы 70 жылдыққа орай 528-сериялық «Ұлы Отан соғысының батырлары» атты телеэнциклопедия ұйымдастырылған. Бұл бағдарламада нақты батыр адамдардың майдандағы ерліктері көрсетіледі. Сонымен қатар бұл бағдарламаның мақсаты көпшілікке танылмай қалған батырлар жайлы ақпарат тауып, жиналған материалды Мемлекеттік мұрағатқа тапсыру [7].

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық

үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 <http://e-history.kz>
- 2 **Қозыбаев, М.** Ақтандықтар ақиқаты. – Алматы : Қазақ университеті. – 1992. – 272 б.
- 3 <http://el.kz/>
- 4 **Исаев, Б.** Батырын қадірлеген халық бақыты (Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы жайлы)// Қазақстан сарбазы. – 2006. – 5 б.
- 5 **Аманжолов, К.** Ерліктің жарқын беттері. – Алматы : Қазақстан. – 1987. – 96 б.
- 6 Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары. Энциклопедиялық жинақ. – Алматы : Өнер. – 2010. – 320 б.
- 7 <http://m.zakon.kz>

Материал баспаға 19.11.15 түсті.

С. Жидебаева, А. А. Каскабасова

Казахстанцы на фронте

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 19.11.15.

С. Zhidebaeva, A. A. Kaskabasova

Kazakhstan at the front

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 19.11.15.

*Статья посвящена подвигу казахстанцев-участников героев Великой
Отечественной войны*

The article is devoted to the feat of Kazakhstani heroes of the Great Patriotic War.





УДК 323.38 (574)

А. А. Калымова¹, А. С. Молдакимова²

¹студентка, ²к.и.н., доцент Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

МЕЖНАЦИОНАЛЬНОЕ СОГЛАСИЕ В КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ – ЗАЛОГ УСПЕШНОГО РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВА

Статья посвящена философскому осмыслению роли дружбы народов, взаимопонимания и уважения в условиях мирового сообщества, где каждый со своими индивидуальными особенностями, вероисповеданием, жизненными принципами может жить в стране в условиях толерантности, терпимости и уважения.

Ключевые слова: Казахстан, этнос, религия, конфессия, политика, история.

«Нация – единого будущего
Мы – казахстанцы».

Н. А. Назарбаев

В условиях развития независимого Казахстана идет процесс роста и развития национального самосознания. Укреплен светский характер государства – как базовая основа межконфессионального согласия и мира в нашей стране. В Казахстане сложилась устойчивая модель взаимодействия этносов и религий, обеспечивающая стабильность и атмосферы созидания и согласия в обществе. Республика Казахстан с момента обретения независимости проводит взвешенную государственную политику в сфере межкультурных, этноконфессиональных отношений. Крепнет международный авторитет нашей страны, нас уважают, ценят и мы это видим [1].

Казахстан удобное государство для миротворческих целей, потому что мы имеем равные, дружеские отношения с соседями ближнего и дальнего зарубежья. Население Казахстана представлено самыми разными этническими и

религиозными группами. От согласия и мирного сотрудничества людей с разными убеждениями, культурой и вероисповеданиями зависит сохранение и укрепление политической стабильности, развитие экономики и социальный прогресс. С этой целью государство проводит политику поддержания межэтнического и межконфессионального согласия, поддержания атмосферы толерантности и конструктивного диалога, предупреждения проявлений экстремизма.

Общепризнанным достижением Казахстана стало построение демократического и светского государства, в котором обеспечивается равенство возможностей экономического, социального, культурного, духовного развития для представителей всех групп населения. Никаких разделительных черт не должно быть. Политика Президента добилась собственной модели стабильности и согласия в стране. Принципы межэтнического и межконфессионального согласия реализуются как в политике центральных органов, так и в каждом регионе. Широкую поддержку в деле межконфессионального согласия

оказывают национально-культурные центры, религиозные объединения [2, с. 2].

Одним из основных факторов стабильного общественного развития и улучшения благосостояния всех народов является мирный межконфессиональный диалог, на пути которого осуществлен целый ряд заметных шагов. Как подчеркнул глава государства на XVI съезде партии, что основополагающим, консолидирующим моделью страны является гарантированность равенства прав всех граждан. Конфликты на религиозной и этнической основе, ограничение культурных, социальных, политических прав, дискриминация по этническому или конфессиональному признаку могут послужить причиной нестабильности национально-государственных систем и роста напряженности международных отношений [1].

Актуальность темы заключается в том, что в условиях мировых вызовов современности, а это: нестабильности мирового сообщества, актуализации этнической проблематики в эпоху глобализации, политизации этнического и конфессионального вопросов, остроты проблемы социальной справедливости, – актуальность правильного построения и приведения в жизнь этноконфессиональной политики выходит на первый план.

Главная причина стабильности Казахстана, основанного на народном единстве и согласии, – мудрость политического курса Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева. Построение успешного полиэтничного и поликонфессионального общества невозможно без постоянного регулирования вопросов межэтнического и межконфессионального взаимодействия. Независимо от расовой, этнической, религиозной и социальной принадлежности необходимо дальнейшее укрепление страны. Она должна основываться на принципе гражданства, должны

пользоваться одним правом и нести за нее одинаковую ответственность [1].

Стабильно спокойная ситуация в стране, в сфере этно-конфессиональных отношений является плодом долгой и продуктивной работы. Особую ценность можно отметить в равенстве граждан, трудолюбии, честности, толерантности и терпимости. Если мы будем учитывать интересы как своих граждан так и других – это и побуждает ту основу укрепления этносов в государстве [1].

В результате кропотливой работы в сфере развития межкультурных отношений сложились основные факторы для поддержания стабильности в стране, а именно:

1. Конституция РК – главный закон государства, устанавливающий базовые принципы его организации и деятельности. Основной закон содержит положения о равенстве представителей всех национальностей и исповеданий на территории страны.

2. Казахская модель Государственной политики, основанная на принципах межэтнической толерантности и общественного согласия.

3. Общественная поддержка: общественные и религиозные организации активно поддерживают реализуемый курс этно-конфессиональной политики при широкой информационной поддержке средств массовой информации.

4. Ментальность народа Казахстана, особенно ярко проявившаяся при спасении людей во время насильственной депортации народов эпохи политических репрессий, невзирая на национальность и веру нуждавшихся в помощи.

